

Қамқоршылық кеңесі отырысының
2020 жылғы «28» тамыз
№1 хаттамасымен мақұлданған.



БЕКІТЕМІН

«Павлодар қ. №40 ЖОББМ» ММ

директоры

Мәуленқұлов Қ.А.

2020 жылғы «31» тамыз

**«Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру
мектебі» мемлекеттік мекемесінің
2020-2023 жылдарға арналған
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Әзірлеушілер:
Мәуленқұлов Қ.А.
Галаган А.М.
Цыгулева Н.И.
Кульдикова А.К.

Павлодар, 2020 жыл

1. Бағдарламаның Паспорты:

Бағдарламаның атауы	«Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесінің 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама)
Әзірлеу үшін негіздеме	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы; ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы; «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
Бағдарламаны әзірлеген	«Павлодар қаласының №40 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мектеп) педагогикалық ұжымы (бұдан әрі – ұжым)
Бағдарламаны іске асыруға жауаптылар	Мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым, қосымша білім беру педагогтері, тәрбиешілер ұжымы, кітапхана, медициналық пункт, шаруашылық бөлім ұжымы
Бағдарламаның басты мақсаты:	сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру
Бағдарламаның міндеттері	- зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған ҚР азаматтарын қалыптастыру; - тез өзгертін әлемде азаматтардың табысты болуын қамтамасыз ететін сапалы білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру; - білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету; - білім беру технологияларын, оқытуда жаңа тәсілдерді енгізу және пайдалану, оқу процесінде АКТ қолдану, педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша

педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, осылайша оқытушылар құрамының беделін және олардың оқыту сапасын арттыру;

- халықаралық талаптарды ескере отырып, білім беруі менеджментті, білім беруді дамытудың мониторингі жүйесін жетілдіру;

Тәрбиенің сабақтастығын, оның барлық компоненттерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін тәрбиенің тұтас жүйесін құруды жалғастыру: мақсаттары, мазмұны, тәрбиелік және ұйымдастырушылық қызметі, тәрбие нәтижелері, кешенді тәрбие бағдарламаларын іске асыруда, сондай-ақ нақты іс-шараларды өткізуде өзара іс-қимыл жасау бойынша сабақтан тыс қызмет субъектілері арасында байланыс орнату;

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру;

- құндылықтар негізінде білім және тәрбие беру моделін енгізу.

Іске асыру мерзімдері:

2020-2023 жылдар

Бағдарлама 3 кезеңде іске асырылатын болады:

I кезең – жобалау: (2020 жылғы тамыз-желтоқсан)

II кезең – практикалық, эксперименттік (2020-2023 жылдар)

III кезең – жалпы қорытындылау (2023 жыл)

Нысаналы индикаторлар:

үлгерімі «жақсы» және «үздік» оқушылардың үлесі (білім сапасы) 2020 жылы – 39 % (бірінші жартыжылдық), 56% (екінші жартыжылдық – қашықтықтан оқыту), бір жылдағы орташа пайыз 47,2 % құрады; 2021 жылы – 41 %, 2022 жылы – 43 %, 2023 жылы – 45 %;

педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші біліктілік санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі 2020 жылы – 65% (бастапқы көрсеткіш), 2021 жылы – 67,1%, 2022 жылы – 68,3%, 2023 жылы – 69,6%;

оқушылардың 75%-ы жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын болады.

қоғамдық іс-шараларға қатысатын ата-аналардың үлесі – 55%;

мектеп әкімшілігінің 50%-ы біліктілігін арттырады, менеджмент бойынша біліктілігін арттырады немесе қайта

даярлаудан өтеді;
білім беру процесіне қатысушылардың электрондық оқыту жүйесін 100% пайдаланады.

Қаржыландыру көздері және көлемі Бағдарламаны іске асыру үшін 2021-2023 жылдары жергілікті бюджет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат жұмсалады.

2. Кіріспе

Елімізде білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. 2016-2017 оқу жылы енгізілген білім беру мазмұнын жанарту жұмысы 2020-2021 оқу жылы толық жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына» сәйкес елімізде білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мектепке дейінгі білімнен жоғары білімге дейін түбегейлі жаңартылады. Орта білім беру жүйесінде оқытудың 12 жылдық моделіне көшуді жүзеге асыру, сонымен қатар 2022 жылдан бастап 1-сыныпқа келген балалар латын қарпімен білім алуы бастайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беруді дамытуды қоғам бірлігінің және оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі ретінде белгілеп берген болатын.

Әлемдік білім беру үрдісіне ілесу мақсатында «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына 2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Білім мен ғылымды дамытуды жүзеге асыру мақсатында қабылданған заңнамалық-нормативтік құжаттар да қайта қарастырылып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, білім беру мен оқытудың нәтижелілігін арттыратын тетіктерді айқындайтын заңнамалық-нормативтік құжаттар талқыға салынып, қабылданды.

Бұл қабылданған шешімдердің барлығы «Қазақстан-2050» стратегиясында көзделген әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылудың жолдарын нақтылай түседі. Осы жолда Қазақстанда білім беру жүйесін тереңінен реформалаудың маңызы айқын.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына еруге қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Демек, бүгінгі таңда еліміздің экономикалық өсуі үшін білім беру жүйесінде де жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуына ілесе отырып бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту өткір мәселелер болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада айқын көрсетілген болатын және білім берудің мазмұнын жанартуға ерекше назар аударылған еді. Нақты уақытта бұл процесс қарқынды жүргізіліп отыр.

Азаматтық қоғамның қазақстандық моделін және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің патриоттық сана-сезімдерін қалыптастыруды «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сүйене отырып жүзеге асыру көзделген.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» негізінде әзірленіп, педагогикалық ұжым алқасында талқыға салынды.

Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша енгізілген заңнамалық-нормативтік құжаттар ескерілді.

3. Ағымдағы жай-күйді талдау

2016-2020 жылдарға арналған «Павлодар қаласы №40 жалпы орта білім беру мектебі» мемлекеттік мекемесінің даму бағдарламасы аясында едәуір жетістіктерге қол жеткізіліп, жоспарланған көптеген іс-шаралар жүзеге асырылған.

Мектеп **«ауылдық мектеп жағдайында экологиялық білім беру», «мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру мектептің жалпы сыныптарына жартылай кірігуі»** жобаларын енгізеді. Биологияны тереңдетіп оқытатын бір сынып, екі сынып-гимназия, 20 инклюзивтік сынып және жеті арнайы сынып жұмыс істейді. Енгізілуде:

- ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін сыныптарға жартылай кірігуі;
- оқушылардың жобалау және модельдеу дағдыларын дамыту үшін робототехниканы қолдану;
- шахмат ойындарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту;
- мектептің көптілді ортасын жетілдіру.

Мектептің жобалық қуаты – 840 орын. Нақты уақытта барлығы – 928 оқушы білім алуда, оның ішінде 1-4 сыныптарда 435 оқушы, 5-9 сыныптарда 434 оқушы, 10-11 сыныптарда 59 оқушы білім алып жатыр. Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда – 238 оқушы, орыс тілінде оқытатын сыныптарда – 687 оқушы, жалпы сынып-комплектінің саны 50, оның ішінде екі гимназия сыныбы (6б, 7б), біреуі биология пәні бойынша тереңдету бағдарламасы бойынша оқуын жалғастырады (9в). Күннің екінші жартысында оқушыларға қызығушылықтары бойынша 48 үйірме мен 11 секцияда оқуға мүмкіндік беріледі. 2019-2020 жылдары оқушыларды қамту 37,3% құрады.

Мектептің жалпы материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектепте 58 оқу кабинеті, 3 зертханалар, 1 аспаздық кабинет, 4 компьютерлік сынып, ауданы 431,6 ш. м. болатын 2 спортзал, 140 орындық акт залы, 100 ас ішу орны бар асхана, 70 оқырмандар орны бар оқу залы мен кітапхана және кітап қоймасы, 1 мұражай, 1 робот техникасы кабинеті, 1 емшара кабинеті, 1 психолог кабинеті, 1 әдістемелік кабинет, 3 интерактивті тақта бар. 1 комплекті биология кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен және жабдықтармен жабдықталған, 2 физика кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен және

жабдықтармен жабдықталған, 1 химия кабинеті жаңа үлгідегі жиһаздармен және жабдықтармен жабдықталған. 2017 жылы ерекше денсаулық мүмкіндіктері бар балаларға арналған түзету-дамыту кабинеті ашылды.

Кітап қоры 28892 дананы құрайды, оның ішінде 8975-і мемлекеттік тілдегі кітаптар. Мектеп оқушылары 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген.

Мектепке соңғы үш жыл ішінде күрделі жөндеу жүргізілмеген. Жаңа ғимараттың шатырын және 4-қабатын, оқу кабинеттерін, сондай-ақ мектептің ескі ғимаратының шатырын және терезелерін ауыстыру қажет.

2019-2020 оқу жылының басынан бастап тегін ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100% қамтылған, жалға алушы есебінен 5-11 сынып оқушылары 10 оқушы тегін тамақтанады.

Мектепті қаржыландыру 2018 жылы 176 593 300 теңге болса, 2019 жылға 340 120 700 теңге бөлінген. Оның ішінде мультимедиялық жабдықтар сатып алуға 2018 жыл 2 493 000 теңге, 2019 жыл 2 000 000 теңге қарастырылған.

Білім сапасын ақпараттандыруды дамыту жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта 6 оқушыға 1 компьютерден келеді. Мектептің оқу ғимараты кең жолақты интернет желісіне қосылған. Мектеп аумағы мен дәліздері бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

Жоғары және бірінші біліктілік санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі 65,8% құрайды. Нақты уақытта педагог қызметкерлердің сапалық құрамы мынадай:

Педагогтардың жалпы саны – 80

Білімі бойынша:

жоғары – 73 (92,4%)

негізгі-орта – 7 (7,6%)

Санаттар бойынша:

жоғары – 9 (11,4%)

педагог-шебер – 1 (1,25%)

педагог зерттеуші – 13 (16,25%)

педагог-сарапшы – 20 (25%)

модератор – 15 (18,75%)

санаты жоқ – 13 (16,4%)

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын көтеру, кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылған. Жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстары мен деңгейлік курстарға оқуға жіберіліп отырады. 4 мұғалімнің магистр дәрежесі бар.

Мектеп «Kundelik» электрондық оқыту жүйесі желісіне толық енгізілген, 100%-ды көрсетеді.

Оқушылардың жалпы санынан жобамен 60%-ы жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді атсалысып келеді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижесі бойынша мектептің бітіруші түлектері төмендегідей нәтиже көрсетті:

✓ 2016 жыл – 90,5 ұпай;

- ✓ 2017 жыл – 100,3 ұпай;
- ✓ 2018 жыл – 105,2 ұпай;
- ✓ 2019 жыл - 87,6 ұпай.
- ✓ 2020 жыл – 63 ұпай

Мектеп оқушылары оқу жетістіктерін сырттай бағалауға және Халықаралық Экономикалық Ғылымдар және Даму Ұйымы жүзеге асыратын PIRLS, PISA зерттеулеріне қатысқан емес.

Мектеп оқушылары жалпы білім беретін пәндер бойынша қалалық, облыстық, республикалық деңгейде ғылыми жобалар жарысы мен пән олимпиадасына жыл сайын қатысып отырады. 1 оқушы республикалық ғылыми жобалар байқауының жеңімпазы болып табылады. «Зерде» ғылыми жобалар сайысында 1 оқушы жүлдегер атанса, қалалық ғылыми жобалар байқауында 3 оқушы жеңімпаздар қатарынан көрінген. 2 оқушы – аймақтық ғылыми жобалар байқауының жүлдегерлері.

2017 жылғы қалалық олимпиада 4 оқушы жүлдегер болды, осы олимпиадада 2018 жылы 4 оқушы жеңімпаз атанса, 2019 жылы жүлдегерлер мен жеңімпаздар жоқ.

2019-2020 оқу жылында екі оқушы «Жарқын болашақ» республикалық олимпиадасының қалалық турының жүлдегерлері, «Мағжан оқулары» қалалық байқауында екі жүлдегер, республикалық Заң ғылыми-практикалық конференциясында бір жүлдегер болды.

Білім беру сапасы бойынша кему бар: 2017-2018 оқу жылында – 51%, 2018-2019 оқу жылында – 49%, 2019-2020 оқу жылында – 47,5%.

Мемлекеттік тілдің дамуына көңіл бөлінеді. Мектептің кіріс-шығыс хаттары мемлекеттік тілде және орыс тілінде рәсімделеді.

Дарынды балалармен жұмыс пән олимпиадалары мен ғылыми жоба жарыстар, зияткерлік шығармашылық және спорт жұмыстары арқылы жүргізіледі. «Эрудит» атты оқушылардың ғылыми қоғамы тұрақты жұмыс істейді.

Бастауыш және орта білім беру

Елімізде білім беру жүйесі жаңа кезеңді өткеріп отыр. Білім берудің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңмен көшу 2020-2021 оқу жылының аяғанды толық жүзеге асып болады. Осыған байланысты мектепте Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған міндеттерді жүзеге асыру көзделген. Мектеп кең ауқымды дағдыларды дамытуға баса назар аударуы керек: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, АКТ қолдану, коммуникацияның әртүрлі әдістерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешім қабылдау.

Мұғалімдердің кәсіби күзіреттілігін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізу, оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектептің оқу-тәрбие процесіне

кірігуі, материалдық-техникалық базаны әзірлеу және енгізу арқылы педагогикалық ұжымның кәсіби шеберлігін арттыру қарастырылды.

Мектепте мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта пән мұғалімдері пән олимпиадаларға, түрлі жарыстарға, авторлық жобалар, конкурстарына қатысады, әдістемелік идеялармен алмасу бойынша семинарларды өткізеді және қатысады. Мектеп тренерлері жүйеде «Практикадағы рефлексия» курстарын жүргізеді, деңгейлік курстарды бітірген мұғалімдер мектеп жоспарына сәйкес коучингтер, тренингтер өткізеді.

Мектепте білім беру және оқыту процесі 2 тілде жүргізіледі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына және кәсіби құзіреттілігіне жоғары талаптар қоюда. Осы мақсатта пән мұғалімдерінен магистратураны оқып аяқтауды, біліктілік курстарды оқуды талап етілуде, сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасымен мұғалімдердің шетелдерде тағылымдамалардан өтіп, білімін шыңдауға да жағдай жасалуда.

Бүгінгі таңда педагог еңбегін материалдық және моральдық жағынан ынталандыратын және оның әлеуметтік мәртебесін көтеретін заңнамалық база мен жүйе құрылды. 2019 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойылып, бекітілді. Осының нәтижесінде еліміздің көлемінде кәсіби білікті педагог мамандардың тапшылығы жойылатын болады деп күтілуде.

Осы Бағдарламаны жүзеге асыра отырып, алдағы уақыттарда теория мен тәжірибені ұштастыра оқыту, алған білімдерін өмірде қолдана білуге дағдыландыру көзделетін болады. Ақпараттардың өзіне қажеттісін ғана таңдап алу, пайдалы ақпараттарды ақпараттар легінен ажырата білуге үйрету жолға қойылады. Білім берудің мазмұнын жаңартудың басты кілті – қазіргі заман жеткіншектерінен функционалды сауатты тұлғаларды дайындау.

Орта білімге кері әсер ететін факторлар – ескірген әдіснамалар мен білім беру мазмұнын іріктеу қағидаттары, оқулықтар мазмұнының төмен сапасы. Оқыту мен оқудағы ақпараттың шамадан тыс болуы білім алушылардың оқуға деген ынтасының төмендеуіне және олардың денсаулығының нашарлауына әкеп соғады. Бұрынғы бағдарламалар бойынша оқыту тұлғаны дамытуға емес, жалаң нәтижелер алуға бағытталған болса, қазіргі таңда бұл олқылықтардың орнын толтыру қарастырылуда.

Проблемалар:

1) Оқушылардың білім сапасының төмендеуі, білім олимпиадалары мен ғылыми жобалар жарыстары бойынша төмен көрсеткіш.

2) Мектептің оқу ғимараты инфрақұрылымының қанағаттандырмауы. Оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі мен жеткіліксіз жабдықталуы. Оқу ғимаратының күрделі жөндеуден өтпеуі. Мектеп спортзалы жағдайының төмендігі. Мектеп асханасы жағдайының қанағаттандырмауы: орындар аз, жиһаздары сай емес. Физика, биология, химия пәндері үшін зертхана

аландарының жаңартылмауы. Мектеп шатырынан су ағу, нәтижесінде жоғарғы қабат кабинеттерінің жарамсыз халге жетуі.

3) Мектеп инклюзивті білім беру бойынша толық жабдықталмаған. Ерекше оқытуды қажет ететін балалар үшін арнайы кабинеттердің жабдықталуы (логопедттік кабинеттер, қол-саусақ моторикаларын дамытатын арнайы құрал-жабдықтар) қанағаттандырмайды. Тірек-қозғалыс органдарынан қиыншылық көретін балалар үшін мектептің қабаттарына көтеретін жеделсатылар немесе көтергіш құралдар (лифт-подъемниктер) орналастырылмаған.

4) үш тілде білім беру саясатын мектепке толық енгізу үшін физика, биология, химия, информатика пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін педагог қызметкерлердің тапшылығы.

Мектептің білім беру саласында қойылған міндеттері білім беру менеджментін, бақылау мен бағалау жүйесін жетілдіруді, әлемдік және отандық озық тәжірибелерді зерттей, зерделей отырып тиімді жолдарын қарастыруды және оны енгізуді талап етеді.

Мектеп бойынша білім берудегі ахуалды талдау мыналарды көрсетеді:

Күшті жақтары:

- 1) кейбір педагог қызметкерлердің еліміздің білім беру жүйесіндегі өзгерістерді енгізуге қолдау білдіруі, атсалысуы, белсенділігі;
- 2) мұғалімдердің 95 % білім беру мазмұнын жаңарту бойынша курстардан өтті;
- 3) Мұғалімдердің 15 % деңгейлік курстан өтті;
- 4) Жалпы білім беретін сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту;
- 5) Модельдеу және дизайн дағдыларын дамыту үшін робототехника үйірмесі жүргізіледі;
- 6) шахмат ойынын ұйымдастыру арқылы логикалық ойлауды жетілдіру;
- 7) Білім беру және оқу ресурстарының болмауы;
- 8) «Акварель» мектеп хореографиялық ансамбліне, «Радуга» вокалдық ансамбліне қатысу арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, ББУҚШО және Оқушылар сарайымен тығыз ынтымақтастық;
- 9) мектептегі өзін-өзі басқару жұмысы.

Әлсіз жақтары:

- 1) білім беруді қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
- 2) мектепшілік бақылау жүйесінің әлсіздігі, білім берудегі мектеп менеджменттің нашар дамуы;
- 3) материалдық-техникалық базасының жеткілікті болмауы;
- 4) оқушыларда өздігінен білім алу дағдыларының қалыптасуы, өзін-өзі оқытуға, реттеуге күш салуы;
- 5) мектеп, оқушы, ата-ана арасындағы байланыстың тығыздығы;
- 6) ата-аналардың мектептің оқу және оқыту, тәрбиелеу саясатына сенім білдіріп, қолдауы;

- 7) көптілде оқыту жүйесін енгізуде педагог кадрлардың мұғалімдердің тапшылығы;
- 8) бойынша пән олимпиадалары мен ғылыми жоба жарыстарына оқушыларды даярлауда мұғалімдердің тәжірибесінің жетіспеуі;
- 9) оқушылардың жалпы білім беру пәндері бойынша пән олимпиадалары мен ғылыми жоба жарыстарына деген қызығушылығының төмендігі.

Мүмкіндіктер:

- 1) ата-аналарды білім беруді және тәрбиелеуді басқаруға қатыстыру, олардың жауапкершілігін арттыру;
- 2) баланың жетістіктері туралы қашықтықтан ақпараттық хабарландыру арқылы ата-ана – мектеп – бала арасындағы байланысты жүзеге асыру;
- 3) қалалық, облыстық деңгейдегі рейтингтік көрсеткіштерді жақсарту;
- 4) оқытудың инновациялық тәсілдері мен тиімді әдістерін енгізу, жетекші ө білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізу;
- 5) оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын сапалы білімге қол жеткізу;
- 6) мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 7) оқушылар үшін «мектеп – қауіпсіз аймақ» қағидатын қалыптастыру;
- 8) оқушылардың коммуникативтік және кәсіптік құзіреттілікті дамыту;
- 9) педагог кадрлардың кәсіби құзіреттілігін дамыту, педагогтердің өздігінен білім алуын арттыру және курстық қайта даярлау арқылы мұғалімдердің мансаптық өсу жүйесін қамтамасыз ету;
- 10) мектеп мәдениетін жоғары деңгейде қалыптасуы;
- 11) мектептің демеушілері мен қамқоршылық кеңесін тарта отырып, мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту;
- 12) көптілді оқытуды дамыту мақсатында кіріктірілген сабақтар қткізу;
- 13) оқыту сапасын арттыру және тәжірибе алмасу үшін жетекші мектептермен ынтымақтастық;
- 14) мектепте критериалды бағалауды жетілдіру, оқушыларды ішкі бағалаудың объективтілігін арттыру бойынша жұмысты жалғастыру (ФО, ЖО)

Қауіп-қатер:

- 1) материалдық-техникалық базаны жақсартуға қаржыландыру деңгейінің төмендігі;
- 2) педагог еңбегін ынталандырудың төмендігі;
- 3) «Бөлінген көшбасшылық» бағдарламасын іске асыруда жүйелік жұмысының жеткіліксіздігі;
- 4) оқу мен оқытудың заманауи жаңалықтарының мән-мағынасын, маңыздылығын жете түсінбеу;
- 5) оқу мен оқыту процесіндегі жауапсыздықтар;
- 6) менеджмент дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда, педагогикалық ұжым арасында өзін-өзі дамытудың, өзін-өзі тәрбиелеудің және кәсіби өсудің төмендеуі күтіледі.

4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Басты мақсаты: сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білім берудің және ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған ҚР азаматтарын қалыптастыру;
- тез өзгертін әлемде азаматтардың табысты болуын қамтамасыз ететін сапалы білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- білім беру технологияларын, оқытуда жаңа тәсілдерді енгізу және пайдалану, оқу процесінде АКТ қолдану, педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша педагогикалық кадрдың кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы жоғары білікті кадрлармен ұамтамасыз ету, осылайша оқытушылар құрамының беделін және олардың оқыту сапасын арттыру;
- педагог мамандардың беделін және сапалық құрамын арттыру, жоғарғы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың еңбегін ынталандыруды күшейту;
- білім берудегі менеджментті жетілдіру, білім беруді дамытуда еліміздегі және халықаралық талаптарды ескеру;
- тәрбиенің сабақтастығын, оның барлық компоненттерінің қара байланысын қамтамасыз ететін тәрбиенің тұтас жүйесін құруды жалғастыру: мақсаттары, мазмұны, тәрбиелік және ұйымдастырушылық қызметі, тәрбие нәтижелері, кешенді тәрбие бағдарламаларын іске асыруда, сондай – ақ нақты әс-шараларды қткізуде өзара іс-қимыл жасау бойынша сабақтан тыс қызмет субъектілер арасында байланыс орнату;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру;
- құндылықтар негізінде білім және тәрбие беру моделін енгізу.

Нысаналы индикаторлар:

индикатор	2020-2021	2021-2022	2022-2023
жаңартылған білім беру мазмұнына өту	11-сынып		
үлгерімі «жақсы» және «үздік» оқушылардың үлесі (білім сапасы)	52,23 %	45,8 %	44,65 %
құндылықтар негізінде білім және тәрбие беру моделін енгізу	9 құндылық	9 құндылық	9 құндылық*

**ескерту:* соңғы 3 жылға құндылықтар негізінде білім беру бойынша бағдарлама жасауға және нұсқаулық жасауға мектеп педагогтері тартылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет және ол міндеттерге қол жеткізу мынадай көрсеткіштермен өлшенетін болады:

1. Педагог мамандардың беделін және сапалық құрамын арттыру, жоғарғы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың еңбегін ынталандыруды күшейту

Нәтижелер көрсеткіші	2020-2021	2021-2022	2022-2023
жоғары және бірінші санаттағы біліктілігі жоғары педагог қызметкерлердің үлесі	67,1%	68,3%	69,6%
ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтердің үлесі	5%	5%	*7,6%
білім беру мазмұнын жаңарту бойынша курстардан өткен педагог қызметкерлердің үлесі	92,2%	94,9%	97,5%
педагог қызметкерлердің еңбегін ынталандыру (Құрмет грамотасы, Алғыс хат, бағалы сыйлық, қаржылай сыйақы т.б.)	20,2%	24%	27,8%
мектепшілік рейтингтік көрсеткіштер сайысы	қаржылай сыйақы немесе қалалық білім бөлімінің, облыстық білім беру басқармасының ҚР БЖҒМ Алғыс хат, Құрмет грамоталарына ұсыну		

**ескерту:* жаратылыстану-математика циклі пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша пән курсы жүргізетін 1 мұғалімге арттыру есебінен сапалық құрамды арттыру.

2. 12 жылдық оқыту моделіне көшуді білім беру мазмұнын жаңғыртумен жүзеге асыру

Нәтижелер көрсеткіші	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Жаңартылған білім беру мазмұнымен қамтылған білім алушылар үлесі	100%	100%	100%
оқыту процесінде АКТ-ны пайдалану	100%	100%	100%
1 компьютерге келетін оқушылардың саны	6	6	6

3. Білім берудегі менеджментті жетілдіру, білім беруді дамытудың мониторинг жүйесін жетілдіру, оның ішінде халықаралық талаптарды ескеру

Нәтижелер көрсеткіші	2020-2021	2021-2022	2022-2023
менеджмент саласында біліктілігін арттырған және қайта даярлаудан өткен мектеп әкімшілігінің үлесі	16,7%	33,4%*	50,1%*

мектепте электрондық оқыту жүйесі пайдаланылады	100%	100%	100%
қамқоршылық кеңес құрылған	+	+	+
жаңа модификациялы кабинеттерді қайта жабдықтау (химия, биология, физика, лингафондық және мультимедиалық)	13,8%	15,5%**	17,3%**
қоғамдық іс-шараларға қатысатын ата-аналардың үлесі	43%	46%	50%
оқу жетістіктерін сырттай бағалауға, халықаралық бағалауларға, PISA зерттеуіне қатысу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен облыстық білім беру басқармасының жоспарында белгіленген мерзімге байланысты		

ескерту:

* менеджмент саласында біліктілігін арттырған 1 мектеп әкімшілігін есебінен.

**жыл сайын 1 кабинеттен бір оқу кабинетін жабдықтау.

4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру

Нәтижелер көрсеткіші	2020-2021	2021-2022	2022-2023
жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын оқушылардың үлесі	65%	68%	70%
мектептегі спорт секциялары мен қызығушылыққа байланысты үйірмелер қызметімен қамтылған оқушылардың үлесі	43%	50%	52%
«Жас қыран» қозғалыстарымен қамтылған оқушылардың үлесі	254 (82,2%)	85%	87%
«Жас ұлан» қозғалыстарымен қамтылған оқушылардың үлесі	404 (82,1%)	84%	89%

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарға жету жолдары және тиісті шаралар

Білім беруді дамыту мына бағыттарда іске асырылатын болады:

1) білім сапасы және білім беру менеджменті;

- 2) инновациялық жаңалықтарды енгізу және оның өнімділігін арттыру;
- 3) педагог мәртебесі, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту;
- 4) материалдық-техникалық базасын нығайту;
- 5) сапалы әрі арзан тамақтандыру;
- 6) тәрбие жұмысы және жастар саясаты;
- 7) «Қауіпсіз аймақ» құру;
- 8) инклюзивті оқытуды дамыту және инклюзивті оқитын балаларды қоғамдық қолдау.

Білім сапасы және білім беру менеджменті

Мақсаты:

Мектепте Қазақстан Республикасының зияткер, дене бітімі және рухани дамығын азаматын қалыптастыру, оның тез өзгеретін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту, 12 жылдық оқыту моделіне көшу.

Міндеті:

- білім алушылардың білім сапасын арттыру;
- білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыра отырып, білім беру бойынша оқу жоспарын құру;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен үлгілік оқу жоспарларын ескере отырып инклюзивті оқыту үшін жеңілдетілген оқу жоспарларын құру;
- білім беру мазмұнын жаңарта отырып 12 жылдық оқыту моделіне көшуді жүзеге асыру;
- құндылықтар негізінде білім беру моделін енгізу.

Нысаналы индикаторлар:

- 1) жаңартылған білім беру мазмұнына 100% толық өту;
- 2) үлгерімі «жақсы» және «үздік» оқушылардың үлесі (білім сапасы) 2020 жылы – 39 % (бастапқы көрсеткіш), 2021 жылы – 41 %, 2022 жылы – 43 %, 2023 жылы – 45 %, 2024 жылы – 47 %, 2025 жылы – 49 %;

Оқушылардың білім сапасына талдау қорытындысы мектептің білім сапасын арттыруды қолға алу кезек күттірмейтін мәселе екенін дәлелдейді. Білім сапасын арттыруды қалай жүзеге асыруға болады?

Бірінші, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, бекіткен үлгілік оқу жоспарын негізге ала отырып және оқушылардың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында қысқартылған оқу жоспарын немесе жеңілдетілген (инклюзивті оқыту бойынша) оқу жоспарын таңдау арқылы жүзеге асыру.

Екінші, педагог қызметкерлердің күшімен оқу жоспарына сәйкес қосымша сабақтар, арнайы курстар, факультативтік сабақтар, таңдау курстарын ұйымдастыру.

Үшінші, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әр алуан әдіс-тәсілдерді, инновациялық амалдарды, ғылыми (PBL – жоба негізінде оқыту) және шығармашылық жұмыстарды кірістіру.

Төртінші, ата-аналарды оқыту процесіне араластыру (мұғалімдер мен ата-аналардың оқушы білімін бірлесе талқылау, проблемаларды жою жолдарын бірлесе іздеу), олармен бірге ізденістік жұмыстар.

Бесінші, мектеп оқушыларының мамандық таңдау бағытындағы жұмыстарын психологиялық диагностикалау, бейіндік бағыт-бағдар беру.

Білім сапасын арттыру мен білім берудің менеджментін дамыту қатар жүретін процесс.

Білім берудің менеджментін дамытудың мақсаты – білім беруді басқаруды жетілдіру.

Ол өз кезегінде келесідей міндеттерді жүктейді:

1. Білім берудегі менеджментті жетілдіру, оның ішінде командалық басқару принциптерін енгізу. Бөлінген көшбасшылық басқару тәсілін жолға қоюды көзделеді. Мектепте басшы директор ғана емес, мектептің әрбір қатысушысын көшбасшы қатарына қосу. Жоспарлауда, оны жүзеге асыруда, нәтижесін талқылауда, қайта жоспарлауда бөлінген көшбасшылықтың атқарар ролі өте зор.

2. Білім беруді дамытуда еліміздегі және халықаралық талаптарды ескеру.

Оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау жүйесінде әлемдік тәжірибені ескере отырып даму. Мектеп бітірушілерін қорытынды аттестаттау, Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша оқу мен оқытуға үнемі түзетулер енгізіу. Қазақстан оқушыларының қатарында бұл мектеп оқушылары да білім беру сапасының халықаралық зерттеулеріне қатысуы қамтамасыз етіледі: PISA, TIMSS, PIRLS. Нәтижесінде оқу мен оқыту процесіндегі жетістіктер мен кемшіліктер ескеріліп отыратын болады. Осы арқылы адами капиталдың заман талабына сай бәсекелестікке қабілеттігін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу қиынтық тудырмайтын болады.

Оқушыларға психологиялық көмек пен бағыт-бағдар беруде психологиялық диагностикалау үздіксіз жүретін болады.

Білім беруді басқарудың түрлі деңгейіне қоғамның қатысуы қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеті түрінде жүзеге асырылатын болады.

2021 жылдан бастап мектеп әкімшілігі мен педагогтерден басқарудың жана дағдыларын, қайта даярлау мен біліктілікті арттыруды талап ететін нәтижеге бағдарланған жоспарлау жүйесі енгізілетін болады.

Тәрбие жұмысы саласында мектепте тәрбие жұмысын жоспарлау, мониторинг жүргізу, нәтижелерді бағалау және бақылау жүйелерін жетілдіру, сонымен қатар басқару жүйесін күшейту бойынша шаралар қабылданатын болады.

Оқушылар мен мұғалімдердің жеке рейтингісін есептеу жолға қойылатын болады.

Менеджементтің заманауи технологияларын енгізу үшін мектептің басшысы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау тұрақты түрде іске асырылатын болады.

Барлық деңгейде білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу жалғастырылады. Мониторингтік зерттеулер жүргізетін болады.

Білім беруді басқару бойынша жүргізілген мониторингтер қорытындысы, сараптамалық есептер мектептің ресми сайтында орналастырылатын болады.

Медициналық қызмет көрсету мен мектептегі тамақтанудың тиімді менеджменті ұйымдастырылады.

2) Инновациялық жаңалықтарды енгізу және оның өнімділігін арттыру

Еліміздің білім беру жүйесіндегі енгізілген инновациялық жаңалықтар критериялды бағалау жүйесі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, білім беру мазмұнын жаңарту болып табылады. Кеңес дәуірінен қалған дәстүрлі бағалау жүйесі қазіргі таңда өзінің актуальділігін жоғалтқан жүйе болып саналады, себебі балалардың функционалдық сауаттылығын бағалауда халықаралық талаптарға жауап бере алмайды. Осы талапты қанағаттандыру мақсатында еліміздің білім беру жүйесіне білім беру мазмұнын жаңарту реформасы енгізіліп отыр.

Бұл бағдарламада осы инновацияларды жүзеге асыруға баса назар аударылған. Критериялды бағалау жүйесін жетілдіруге, білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу мен оқытудың жаңа тәсілдерін үйренуге және ізденуге, оны тәжірибеде жүзеге асыруға басымдық берілген. Оқушының еңбек өнімділігін арттыру үнемі назарда болады. Бүгінгі таңда жалпы адамзат баласы үздіксіз әрі өздігінен білім алуға дағдылану қажет.

Оқушылар мен мұғалімдердің олимпиадалары мен жарыстарға, ғылыми жобалар мен конкурстарға қатысуы кезінде ынталандыруды ынталандыру және нәтижелікті арттыру үшін демеушілік қолдауды жүзеге асыру арқылы кктермелеудің тиімді жүйесін әзірлеу қажет.

Ұылыми жобаларға, конкурстарға, жарыстар мен олимпиадаларға қатысатын оқушылардың саны мен сапасын кеңейту мақсатында оқушылардың зияткерлік дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

1. Оқушылардың ғылыми қызметін жетілдіру;
2. Оқушылар мен жасөспірімдерге сенімділік қалыптастыратын психологиялық қызмет түрлерін ұсыну;
3. Жетістікке жеткен оқушыларды үнемі марапаттау арқылы қолдау;
4. Мектепте олимпиадашылар мен ғылыми жобаларға қатысатын оқушылардың ортасын қалыптастыру;
5. Олимпиадалар мен ғылыми жоба жарыстарына даярлайтын база қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқу пәндері бойынша функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үнемі қадағалауға алынады.

Оқытудың барлық деңгейі бойынша оқушылардың, педагогтердің бірыңғай базасы құрылады.

Әдістемелік-дидактикалық материалдар шығару және БАҚ-та жариялау жүзеге асырылатын болады.

Барлық ақпараттар қолжетімді болуы үшін мектеп сайтына орналастыру жүзеге асады.

3) Педагог мәртебесі, педагог мамандардың кәсіби біліктілігін дамыту

Нақты уақытта мектептің педагогтер құрамы өте жоғары сапалы болып табылады. Педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші біліктілік санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі 65,8% құрайды. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын көтеру, кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылған. Жүйелі түрде біліктілікті арттыру курстары мен деңгейлік курстарға оқуға жіберіліп отырады.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында:

Педагог қызметкерлердің еңбегін қолдау мен ынталандыруды күшейту жүзеге асады.

Мектеп ішінде «Жыл мұғалімі рейтингісін» енгізіледі. Рейтинг нәтижесінде нәтижелі еңбек еткен педагог қызметкерлерді марапаттау жүйелі жүргізілетін болады.

ЖМБ пәндерін үш тілде оқытатын мұғалімдерді тарту, олардың сапалық құрамын арттыру жүзеге асырылатын болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша педагог қызметкерлер біліктілік курстарынан өтеді. Педагогтерді аттестаттау, мұғалім білімін тестілеу, оқу-әдістемелік қызметі туралы есеп беруі жүргізіледі.

Өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру педагог портфолиосында көрінетін қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби беделін көтеру мақсатында қоғамда педагогтің оң имиджін қалыптастыру жұмысы жүргізілетін болады: «Жыл мұғалімі», «Үздік педагог» конкурстары, акциялар, БАҚ-пен ортақ жобалар, шеберлік сыныптары, жаңашыл педагогтер форумдары, конкурстар, педагогтер әулеттерінің слеттері, ғылыми-педагогикалық семинарлар мен симпозиумдар, семинар-тренингтер және дөңгелек үстелдер өткізіледі.

Күтілетін нәтиже:

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші біліктілік санаты бар педагог қызметкерлердің үлесі 2020 жылы – 65,8% (бастапқы көрсеткіш), 2021 жылы – 67,1%, 2022 жылы – 68,3%, 2023 жылы – 69,6%.

ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде оқытатын педагогтердің сапасы өседі.

Оқушылардың білім сапасы артады, олардың білім олимпиадалары мен ғылыми жобалары жарысында жетістіктерге жету көрсеткіші жоғарылайды.

4) Материалдық-техникалық базасын нығайту

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында келесідей жұмыстарды жүзеге асыру қарастырылған.

Мектептің материалдық-техникалық базасын жаңарту қолға алынады. Мектептің спортзалын күрделі жөндеуден өткізу және оны қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесі шешіледі.

Жаңа ғимараттың шатырын және 4-қабатын, оқу кабинеттерін жөндеу жұмыстарынан өткізіледі.

Мектеп асханасын жаңа жабдықтармен қамтамасыз ету, ескі ғимараттағы асхананы қайтадан іске қосу жүзеге асырылатын болады.

Медициналық бөлім денсаулық сақтау департаментімен бірлесе отырып білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруын, олардың денсаулықтарының артуын жүзеге асыратын болады.

2016-2020 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасында қабылданған «Ауылдық мектеп жағдайында экологиялық білім беру», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру мектептің жалпы сыныптарына жартылай кірігуі» жобалары өз жалғасын табатын болады.

Тереңдетіп оқытылатын биология пәні үшін пайдаланусыз тұрған жылыжайды (теплица) іске қосу жүзеге асады.

5) Сапалы әрі арзан тамақтандыру

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларға сәйкес балалардың сапалы тамақтануы қолға алынады.

2019-2020 оқу жылының басынан бастап тегін ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100% қамтылған, жалға алушы есебінен 5-11 сынып оқушылары 10 оқушы тегін тамақтанады.

Бағдарламас аясында және Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес тамақтың сапалы болуын, тамақ өнімдерінің сақталуын бақылайтын бракераждық комиссиясының құрамы мектеп мұғалімдері мен ата-аналар тарапынан тұратын болады.

Ауыз сумен қамтамасыз ету үнемі бақылауда болады.

Тамақ сынамаларын алу тұрақты жүргізілетін болады.

Ауыл тұрғындары есебінен мүмкіндігінше демеушілерді тарту арқылы 5-11 сынып оқушыларын арзан тамақтандыру қолға алынады. Бұл орайда Павлодар ауданының «Григорьевка» негізгі орта білім беру мектебінің тәжірибесі енгізу көзделеді.

6) Тәрбие жұмысы және жастар саясаты

Мақсаты: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын және салауатты өмір салты мәдениетін, әлеуметтік жауапкершілікті, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыру.

Міндеті:

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру және олардың азаматтық белсенділігін, әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру.

Нысаналы индикаторлар:

1) жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын оқушылардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 65%, 2021-2022 оқу жылы – 68%, 2022-2023 оқу жылы – 70%,

2) спорт секциялары мен қызығушылыққа байланысты үйірмелер қызметімен қамтылған оқушылардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 53%, 2021-2022 оқу жылы – 58%, 2022-2023 оқу жылы – 61%.

3) «Жас ұлан» қозғалыстарымен қамтылған оқушылардың үлесі 2020-2021 оқу жылы – 82,1%, 2021-2022 оқу жылы – 84%, 2022-2023 оқу жылы – 89% .

4) Адамгершілігі жоғары азаматты және өз Отанының патриотын тәрбиелеу «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-адамгершілік құндылықтарын ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Еліміздің көпұлтты мемлекеттілік саясатын қолдай отырып, көптілді, полимәдениетті, зияткер, адамгершілік қасиеттері жоғары, салауатты өмір салтын берік ұстанатын, ұлттық рухани тәрбиені бойына сіңірген ұрпақ тәрбиеленетін болады.

Білім алушылардың жеке қызығушылықтарын ескере отырып мәдени-өнер үйірмелері мен спорттық секциялар жұмысын жалғастыратын болады.

Жастардың әлеуетін ашу тетіктерін іске асырылады.

Ата-аналар академиясы құрылады және ол мектептің тәрбие жұмысын жүзеге асырудың негізгі тетіктерінің біріне айналады. Ата-аналарға бала тәрбиесінде көмек беру мақсатында білікті мамандарды шақыру арқылы семинар, тренингтер өткізіледі.

Ата-аналармен жұмыс жасау жүйесінде БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ ЛИЦЕЛЕРІ мен НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІНІҢ тәжірибелері жүзеге асырылады. Ата-аналар қызмет алушы мәртебесінен тәрбие мен оқу процесінің қатысушысына айналады: тәрбие сағаттары мен мектептегі әр алуан іс шараларына бақылаушы немесе көрермен ретінде емес, жүргізуші ретінде қатысатын болады. «Толағай», «Не? Қайда? Қашан?» сияқты шараларға балаларымен бірге қатысатын болады. Әдеби-танымдық кештердің қатысушысы ретінде мектеп өміріне араласады. «Аналар қоғамы», «Әкелер қоғамы» сияқты қоғамдастық мүшелеріне айналады. Аукымды шаралардың «Наурыз», «Жаңа жыл» ұйымдастырушысы болады. Ата-әжелер тарапынан «Ұлттық педагогика» мектебі құрылады.

Мектеп түлектерінің ассоциациясын құру қолға алынады. Әр түрлі шараларда мектеп түлектерін тарту жүзеге асырылады. «Мектепке тағзым» акциясы аясында мектеп демеушілерінің қатарына мектеп түлектерін тарту қолға алынады. Жетістікке жеткен мектеп түлектерімен кездесулер ұйымдастырылады, мотивациялық әңгіме-дүкендер жүргізіледі.

Оқушылар тарапынан қайырымдылық шаралар, акциялар ұйымдастырылады, мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару комитеті игі шараларды жүзеге асыруға жұмылдырылатын болады. Волонтерлік жұмыстарды жүзеге асыру қолға алынады.

Кітап оқу сағаттары ұйымдастырылып, READx форматындағы сайыстар өткізіледі, бұл өз кезегінде оқушылардың кітапқұмарлығын арттырады. Нәтижеге жеткен оқушылар марапатталып отырады.

Мектепте спорт секцияларын құру арқылы дене шынықтыруды ұйымдастырудың мектептен тыс нысандары жетілдіретін болады.

Құқықбұзушылықтар мен басқа да бейәлеуметтік құбылыстардың алдын алу бойынша әрбір білім алушыны жекелей психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету жолымен қосымша білім беру конкурстары мен олимпиадаларының жүйесі арқылы оқушылардың қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыратын балалар қоғамдық бірлестіктері дамиды.

Күтілетін нәтиже:

1) жастар саясаты мен патриоттық тәрбие саласындағы іс-шараларды іске асыруға белсенді түрде қатысатын оқушылардың саны артады.

2) спорт секциялары мен қызығушылыққа байланысты үйірмелер қызметімен қамтылған оқушылардың саны артады.

3) «Жас ұлан» және «Жас қыран» қозғалыстарымен қамтылған белсенді оқушылардың саны артады.

7) «Қауіпсіз аймақ» құру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» еліміздің барлық өңірлеріндегі білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қарастырылған. Балаларға қатысты болып жатқан зорлық-зомбылықтың алдын алу, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Мектеп ауласына кіріп-шығуды қауіпсіздендіру. Ол үшін мамандандырылған күзет көмегіне жүгіну күзет қызметін ұсынатын ұйымдармен келісімшарттарға отыру арқылы жүзеге асырылатын болады. Мектепке келушілерді есепке алуды жолға қою жүзеге асырылатын болады. Бөгде адамдардың мектепке кіріп-шығуы бақылауда болады.

Мектептің іші-сыртын, ауласын бейнебақылаумен қамтамасыз ету. Мектеп территориясын толық қамтитын бейнебақылау жүйесін құру арқылы балаларға келтірілетін зорлық-зомбылықты болдырмауға болады немесе олардың алдын алу жүзеге асатын болады. Оқу кабинеттеріне бейнебақылау камераларын орналастыру қолға алынады. Бұл тек баланың қауіпсіздігін ғана қамтамасыз етіп қоймай, кез келген уақытта ата-аналар тарапынан оқыту процесін бақылауға мүмкіндік береді.

Турникеттер орналастыру. Білім алушылардың мектепке келген-кеткенін нақты біліп, есептеп отыру үшін, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оқу ғимаратына кіре берісіне турникеттер орналастыру жоспарланған.

Қауіпсіз білім және тәрбие беру аймағы. Білім алушы мектепке тек міндетті сабақтарын оқу үшін ғана емес, сонымен бірге бос уақытын тиімді де пайдалы өткізу үшін оралатындай дәрежеде болуы тиіс. Ол үшін мектептегі

педагог қызметкерлер құрамынан олардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыратын және өткізетін топтарды құру, әр түрлі бағыттағы қызығушылыққа байланысты үйірмелер мен секциялар, қолөнер орталықтары ашылады. Білім алушылар өздерінің бос уақыттарын бұндай үйірмелер мен секциялар, қолөнер орталықтарында оқу кезінен басқа уақыттарда да, сабақтан тыс мезгілде, тіпті тоқсан арасындағы демалыстарда да үздіксіз өткізе алатын жағдайда болады.

Психологиялық ортал құру. Үй жағдайында ата-анасынан, мектепте мұғалімдерден немесе басқа да қоғамдық көпшілік орындарда үлкендер тарапынан, балалар арасында бір-бірінен зорлық-зомбылық көрген жағдайда өзінің ішкі жан-сырын айта алатын және одан жанына шипа боларлық рухани қуат, күш-жігер ала алатын, «тәуекел тобындағы» балаларды анықтап, олармен интенсивті жұмыс жасай білетін психологиялық қызмет көрсететін орта жасау жоспарланған.

8) Инклюзивті оқытуды дамыту және инклюзивті оқитын балаларды қоғамдық қолдау

Мектептің 2016-2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы аясында едәуір жетістіктерге қол жеткізіліп, жоспарланған көптеген іс-шаралар жүзеге асырылған. Солардың ішінде бірі де бірегейі **«мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру мектептің жалпы сыныптарына жартылай кірігуі»** жобасының енгізілуі. Нақты уақытта 20 инклюзивтік сынып және 7 арнайы сынып жұмыс істейді.

Инклюзивті оқитын балаларға өздерін осы қоғамның ажырамас бөлігі ретінде таныту, оларға МЖМБС-на сай білім беру бүгінгі күннің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Осы мақсатта инклюзивті оқытуды дамыту бойынша барлық балаларға жағдай жасау қолға алынады.

Ерекше оқытуды қажет ететін балалар үшін арнайы кабинеттермен жабдықтау (логопедтік кабинеттер, қол-саусақ моторикаларын дамытатын арнайы құрал-жабдықтар) қолға алынады.

Тірек-қозғалыс органдарынан қиыншылық көретін балалар үшін мектептің қабаттарына көтеретін жеделсатылар (лифт-подъемниктер) орналастыру қолға алынады. Нәтижесінде кез келген оқушыға кедергісіз білім алу жағдайы жасалатын болады.

Күтілетін нәтижелер :

Білім беру жүйесінің дамуы, инклюзивті оқыту, инновациялық жетістіктер бойынша мектеп Павлодар қаласы білім беру ұйымдары арасынан көшбасшылық орындарға шығады.

Мектептің білім беру жүйесі жоғары білім сапасы мен халықаралық индикатормен расталған адами капиталдың даму деңгейі түрінде нәтиже беретін болады .

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 2023 жылға қарай мынадай әлеуметтік- экономикалық әсерлер қамтамасыз етіледі:

2025 жылға қарай :

1. Электрондық оқыту жүйесі толық құрылған.
2. Оқытудың 12 жылдық моделіне көшу басталады .
3. Мектептің материалдық-техникалық базасы нығайтылады, білім берудің технологиялық және әлеуметтік инфрақұрылымы жаңғыртылады (асхана мен спортзалдарын, компьютерлік техниканы жаңарту және т.б)
4. Білім беру саласының сапасы, ашықтығы арттырылады.
5. Оқушылардың әлемдегі барлық білім беру ақпараттық ресурстарына on-line арқылы қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.
6. Жаңа тұрпаттағы педагогтердің қажетті саны және тиісті біліктілігі қалыптастырылады.